

**«Nursultan» балабабақшасының
діни экстремизм мен терроризмге қарсы комиссия туралы
ЕРЕЖЕСІ**

1. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы комиссия (бұдан әрі - комиссия) діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл және тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау кезінде білім беру мекемесінің барлық жеке құрамының өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін үйлестіруші орган болып саналады.
2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қарағанды облысы білім басқармасының, басқа да атқарушы өкімет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаулылары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады. Комиссия өз қызметін атқарушы билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, сондай-ақ мүдделі ұйымдармен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.
3. Комиссия қызметінің негізгі мақсаты діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл және білім беру мекемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу және енгізу болып табылады.
4. **Комиссияның негізгі міндеттері:**
 - ✓ білім беру объектісі аумағындағы діни экстремизм мен терроризмнің қарсы жай-күйі және оның даму үрдістері туралы ақпаратты талдау;
 - ✓ діни экстремизм мен терроризмге қарсы көріністерінің алдын алу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-қимылдардың келісімділігіне қол жеткізу мақсатында білім беру мекемесінің терроризмге қарсы күресті жүзеге асыратын атқарушы билік органдарымен және күш ведомстволарымен қызметін үйлестіру;
 - ✓ діни экстремизм мен терроризмге қарсы қарсы іс-қимылға және білім беру мекемесінің тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру;
 - ✓ діни экстремизм мен терроризмге қарсы қарсы іс-қимыл және мекеменің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
5. **Комиссияның құқығы бар:**
 - ✓ өз құзыреті шегінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл және білім беру мекемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін қажетті шешімдер қабылдауға;
 - ✓ мемлекеттік, қоғамдық және өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдардан өзіне жүктелген міндетті орындау үшін қажетті құжатты, материал мен ақпаратты сұратуға;

- ✓ комиссия жұмысына қатысу үшін мемлекеттік билік органының, жергілікті өзін-өзі басқару органының, ұйымдардың (олардың басшыларының келісімі бойынша) лауазымды адамдары мен мамандарын және ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін тартуға;
- ✓ білім беру мекемесі басшысының шешімін талап ететін, комиссия құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге;
- ✓ комиссия шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асыру.

6. Комиссия төрайымы:

- ✓ Комиссия қызметіне басшылық жасайды;
- ✓ Комиссия қабылдаған шешімдерге қол қояды;
- ✓ өз құзыретіне кіретін мәселелерді шұғыл қарау қажет болған жағдайда комиссия кеңестерін өткізу туралы шешім қабылдайды;
- ✓ Комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөледі;
- ✓ Комиссия шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асырады.

7. Комиссия мүшелері:

- ✓ Комиссия отырыстарына қатысуға, қаралатын мәселелерді талқылауға және олар бойынша шешімдер әзірлеуге қатысуға;
- ✓ Комиссия басшысы белгілеген міндеттер мен тапсырмаларды орындауға;
- ✓ Комиссия шешімдерінің орындалу барысын бақылауды жүзеге асыруға қатысуға;
- ✓ кеңеске қатысу мүмкін болмаған жағдайда (шұғыл жағдайда) Комиссияның жауапты төрайымына бұл туралы алдын ала хабарлауға;
- ✓ қажет болған жағдайда комиссия төрайымына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша түрде жолдауға міндетті.